

ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЫКАСЫН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

Аликбаева М.Б.

филос.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті

Философия барлық ғылымдардың бірдей әдістемелік негіздерін жасайтыны белгілі. Алайда, әрбір ғылым, атап атсақ эстетика, өз пәні мен міндетінің ерекшелігін ескере отырып, жеке әдістемеге сүйенеді. Жалпы философиялық ерекшелікті өз мақсаты мен міндетіне бейімдеп, құбылыстың шектеулі шеңберіндегі салада ғана өз ерекшелігін ашады. Осылайша музыка теориясы да жалпы эстетикалық заңдар көрінісінің ішіндегі әлемді музыкалық игеру саласында өзіндік сипатын ашады. Музыка тарихы әлемнің музыкалық ұмытылған таным (освоение) заңдылықтарының ілімі мен музыкалық теорияларға негізделеді.

Музыканың дамуын өнердің басқа түрлері секілді оның нақтылығын көрсетіп және оның қалыптасу үрдісі мен дамуын музыка теориясының дұрыс емес абстрактілігінен қорғай отыра, нақты адамдар арқылы қарастырады. Егер теория музыка тарихына музыкалық үрдістің жалпы перспективасын берсе, музыка тарихы ең алдымен белгілі музыкалық шығармашылық эволюциясының кезеңдеріне назар аудара отырып тірі тәнді (живая плоть) теориялық көрініс береді. Әрбір ірі музыканттың немесе музыка теоретиктері айналасында үлкен ғылым туындайды. Жеке ірі музыканттар мен олардың мектептері пайда болып, одан ары жеке музыкалық шығармалармен айналысатын мамандар пайда болды. Осындай үрдістің нәтижесінде зерттеу объектісін қарастыру үшін «жекеленген» (дробленные) білімді қажет ететін зерттеушілер қызығушылық танытты. Ол арқылы бізге нақты көзқарас туындап және оның негізгі мәнін түсінуімізге мүмкіндік туды. Бұндай қажетті де, нәтижелі үрдіс көптеген ғылыми ізденістерді атап айтсақ, ортағасырлық ірі тұлға Фараби «МҰК» секілді еңбектерді дүниеге әкелді.

Фарабидің музыкалық концептуалды еңбегі бос орыннан пайда болған жоқ, алдыңғы ірі музыканттар мен музыкалық мәдениет негізінде пайда болды. Ежелгі гректердің және ұлттық музыкалық мәдениеттің ішкі музыкалық үрдісінің жауабы ретінде музыкалық өнердің алғашқы жалпы тәжірибесі, теориялық эстетикалық ойы қалыптасты. Ол негізінен философия жағынан қарастырудың ерекше саласы ретінде бөлініп философияда, өзіндік музыка философиясы ретінде қалыптасты. Музыканы философия тұрғысынан қарастыру философия мен өнер шекарасында жүзеге асырылады, оған жеке тілдің қажеті жоқ, ол философия мен өнер тілінде түсіндіріледі. Алайда оның категорияларында музыкалық «тіл» өзге белгілік-рәміздік жүйеге ауыстырылады. Бұл жерде музыкалық құбылысты философия тұрғысымен қарастыру өнер саласындағы ерекше құбылыс. Ол өз табиғатында екі жақты. Бір жағынан алғанда зерттеушінің рухани жағдайын

көрсететін форма болса, бұл мағынада ол музыка үрдісіне қосылады. Сол себепті ол өнерге жақын.

Ал, басқа жағынан алып қарасақ, өзінше ойлау тәсілі болып табылады. Сондықтан ол әдістемеге сүйенеді, категориялық аппаратты қажет етеді. Осы мағынасында ол философиялық ғылым ретінде көрініс табады. Егер философиялық категориялар аппаратында музыка философиядағы адамзаттың музыкалық тәжірибесіне сүйенсе, музыканы философия жағынан қарастыру дамушы ғылым ретінде нәтижелі және тиімді бола алады. Музыкалық шығарма мен музыкалық үрдіс музыканы философиялық зерттеу объектісі болып табылады.

Олар зерттеушіге белгілі дәрежеде белгілілік-музыкалық материалдарды қарастыру бағдарламаларын береді. Музыкалық материалдар белгісі шеңберінде ойлаудың философиялық бағдарламасын береді. Зерттеуші музыкалық білімді жүйелейді және аздаған алғышарттардан деректердің жинақталған бөлігін шығарады. Бірақ үнемі музыка саласында әлі де зерттелмеген және музыкалық ғылыми айналымға түспеген белгілі білім шеңбері қалып отырады. Міне осы көзге ілінбеген білімдер музыка айналымында философиялық ой туындатуға алып келеді. Осыдан кейін алдымызға сұрақ туындайды, ол сұрақты шешу арқылы музыкалық теориялық ғылымды алға жылжытуға болады, музыкалық шығарманың заңдылығына сүйене отырып, қорытындыланады. Бұл өзгермелі және ауыспалы музыкалық құбылыстармен айналысатын музыка зерттеушісіне тән сипат емес, белгілі тарихи ара қашықтықты көре алатын зерттеушіге тән салыстырмалы тұрақты құбылыс. Зерттеуші мен талдау пәні арасында музыкалық өмір саласындағы теориялық ойлар ғана емес, соған сәйкес әдістеме тұр. Басқаша айтқанда, музыканы философия жағынан қарастыруда тек философияның мәндік және категориялық аппаратымен шектелмей, музыкадағы әдістемелік талдау әдісін құрастыратын арнайы тәртіп, принцип, процедуралар мен әдістер негізінде іске асыру керек.

Музыканы түсіндірумен (интерпретациялаумен) байланысты бұл әдістің бір аспектісі (астары) ретінде **герменевтиканы** алуға болады.

Герменевтика (интерпретация теориясы, мағынаны түсіну ілімі) рухани әрекет салсында атап айтсақ, музыкалық рухани әрекет саласында көрініс табады. Онсыз музыканы философия жағынан қарастыру алдына қойған мақсатына жете алмайды. Герменевтика музыка табиғатының рухани түсінігін ашады, бұл музыкалық мәдениеттің белгілі жүйесінде ерекше өзіндік мәнге ие. Музыкалық мәдениеттің рухани мәдени, нақты тарихи, ұлттық жалпы адамзаттық табиғатын анықтау негізінде және музыка мәтінін оқу арқылы нәтижеге қол жеткіземіз. Музыкалық мәтін музыкалық шығарманың мазмұны мен құбылысын түсіндіру. Музыкалық мәтіннің рухани мазмұнын түсіндіру арқылы философиялық бағыт герменевтикалық әдісті жүзеге асырады.

Музыкалық мәтін ойлауды қажет етуші белгі ретінде түсіндіріледі, сондықтан бұл әдіс музыкалық ойлау әрекетінің рухани мәнін ашуды міндетіне алады.

Герменевтика бойынша, қандай да бір музыкалық мәтін өз мәнінде белгілі рухани дәстүрді таратушы, кез-келген руханилықтың қатысу рәмізі. Музыкалық мәтін кезеңдердің мәдени жағдай туралы, қалай құрылғандығын айтады.

Басқаша жағынан, музыкалық мәтін (тақырып) өзі туындаған, өзі пайда болған кезеңнің мәдени жағдайы туралы айтады. Бір жағынан музыкалық мәтін бүгінгі таңдағы мәдени феноменнен алшақ болғанына қарамастан заманауи мәдениет жөнінде де айтады, себебі өкілі автор болып табылатын халықтың рухани дәтүрі адамзат тарихының мәнін нақтылы түрде көрсете отырып өзгермейді. Бұл жерден зерттеушінің алдында өте қиын мәселе туындайды, сол себепті герменевтика ережеге сай «бұлыңғыр, түсініксіз» жерлерді, яғни құрылымдылық, тұрақты бастама – мәтіндегі (тақырыптағы) музыкалық дәстүрді интерпретациялауға арналған және оның мағынасын түсіндіруді қажет етеді. Бастаманың тұрақты табиғаты музыкалық мәтіннің рухани тұтастығы болғандықтан, жалпылыққа және оның ішінде ұлттық, жеке (ерекше) және индивидуалды - дара сипатқа ие болуы мүмкін, ал соңғысы өз алдында жалпылықты қамтиды. Сондықтан жалпылықты ұғыну арқылы ерекше және даралықты ұғынуға болады, өз кезегінде ерекше мен даралықты ұғыну арқылы жалпылықты түсінеміз. Музыкалық мәтіннің (тақырыптың) мәдени-тарихи бөлшегін түсіну арқылы мазмұнның тарихи трансформациясын және әртүрлі авторлардың музыкалық шығармаларының формасын түсініп, мәтіндегі жалпылық пен индивидуалдылықтың қарым-қатынасын анықтайды.

Алайда музыкалық шығарманы талдау әртүрлі шығармалардағы немесе музыка теоретиктерін, атап айтқанда әл-Фарабидің музыкалық ілімін итерпретация теориясы – герменевтикамен ғана түсіндіру аздық етеді. Музыканы философия жағынан талдау арқылы оның бағалау міндетін және бағалаудың ғылыми негізделген өлшемдері (критерилерін) анықтай алады. Музыканы философия жағынан қарастыруда бағалау функциясы эстетикалық сәт құндылық теориясы - **аксиологияға** сүйенеді. Ол ең алдымен тыңдаушы аудиторияның қабылдауына байланысты музыкалық шығарманың көркемдік –эстетикалық құндылықты анықтайды. Бұл жағдайда, қандай да бір автордың, мысалы Фарабидің музыкалық ілімі мен музыкалық шығармасының маңыздылығы музыкалық мәтіннің бастапқы кейпінен музыка мен оны тыңдаушы арасындағы нәтижеге айналады. Музыкалық баға музыканы тыңдаушының қабылдау мәселесін ғана қарастырмайды, сонымен қатар оның тыңдаушыға эстетикалық әсерін де анықтайды. Нәтижесінде, музыка жалпы адамзаттық және ұлттық музыкалық мәдениетті қамтиды. Сондықтан музыкалық аксиология музыкалық шығарма мен музыкалық ілімнің терең өлшемдері (параметрлері), мысалы, мәртебесін (статусын), қызметін (функциясын) және бағалау сипатын қарастырады. Бағалау сипаты музыканы эстетикалық қабылдаудың дүниетанымдық кешенінің (комплексінің) көрсеткіші болып табылады. Музыка өзін адамдардың музыкалық қабылдауы мен эстетикалық талғамына әсер етуде көрсете алады. Егер өзінің алдындағы негізгі міндетін ашпаса, көркемдік–

эстетикалық құндылыққа ие болмаса, қойылған музыкалық шығарма мен музыкалық концепция тәрбиелік, танымдық және басқа да қызметтері толық дәлелді бола алмайды. Әрине, құндылықты талдау методологиясы құндылық табиғаты жөніндегі эстетикалық идеяларға және музыканы философия жағынан қарастыруда оның проекциясына (фигураның белгілі бір ереже бойынша түзуге немесе жазықтыққа түсірілген кескіні) сүйенеді. Онсыз музыканы философия жағынан қарастыру А.С. Пушкиннің «Бұл жақсы болғандықтан тамаша, ол мынау сұрқия болғандықтан жаман» деген ирониялық сүйреттегеніндей болмайды [1, С.168].

Музыкалық аксиологияның бағалау әрекеті төменгі аталғандарды:

1) музыка шығармасының және музыкалық ілімнің егер масштабына байланысты болса заманауи ұлттық және әлемдік музыкалық мәдениеттегі орнын (Фарабидің алатын орнын);

2) музыкалық қабылдаудың барлық палитрасына (бояу тақтайшасы) әсер ететін музыкалық –эстетикалық талғамын;

3) өткен тарихи музыкалық шығармаларға музыкалық мәдениеттің жаңа буынының көңіл бөлу деңгейін анықтайды.

Бағалау әрекеті көрініп тұрғандай, эстетиканың жалпы концепциясына сүйенеді, музыканың дамуы мен тыңдарманның музыкалық қабылдаудың байланысын анықтауға және де музыканы философия жағынан түсіндірудің нормативті өлшемдерін беруге тырысады. Сонымен қатар, бағалау әрекеті тікелей, анық көрінбейді, музыкалық нұсқау, бағыт, ағымдарға музыка зерттеушісі мән берген құлымдардың музыкалық дүниетаным арқылы қабылданады. Бұл нұсқаулар маңызды әдісін құрушы фактор болып табылады. Сондықтан, музыкалық ілімнің тұтас зерттеудің маңызды мәселесі – интерпретация мен (герменевтикамен) құндылықтық талдауы органикалық үйлесуі керек. Соңғысы құндылықтық талдаудың концепциясы мен герменевтикадағы музыкалық мәтін мағынасын түсіндірумен сай келуі арқылы іске асады. Атап айтсақ, құндылықтық талдауы музыкалық дүниетанымдық нұсқауға және интерпретацияланған принципке сай таңдауы маңызды, ол музыкалық концепциясының негізін құрайтын музыкалық–эстетикалық қарым–қатынасының мәні мен құндылығын аша алады. Сонымен қатар, музыка мен музыкалық шығарманың тұрақты бастамасын анықтау қажет. Олар автор (Фараби) қарастырған музыка мен музыкалық ілімді ішкі ұйымдастыру құндылығы мәселесінің музыкалық шеберлігін анықтайтын деңгейі мен қабылдаумен үйлеседі.

Қандай да бір музыкалық білім белгілі бір музыкалық–мәдени дәстүр негізінде қалыптасатыны анық. Ал оның арнасында әлеуметтік негіз бар. Музыкалық–мәдени дәстүрге әл–Фараби музыкалық идеялар мен үлгілер әлемін адамның алдында анықтап, ашып көрсететін конвенционалды белгілеу жүйесін енгізді. Өз кезегінде бұл адамдарға музыкалық шығарманы тыңдауға және Фарабидің музыкалық ілімінің идеясының тереңдігі мен ой шеңберінің кеңдігіне таңдануға жол ашады. Міне осы музыкалық мәдениеттегі Фарабидің музыкалық ілімін интерпретациялауға мүмкіндік береді. Музыка мәдениеті - адамзаттың, ұлттың әлеуметтік–эстетикалық,

эмоционалды–сезімдік ескерткіші. Философия тарихында мифологиялық, ритуалды–мифологиялық және т.б. көптеген мектептер болған, олар мәдениеттің осы астарын (аспектісін) анықтаумен шұғылданған. Алайда, кейбір астарларын бір-бірінен алшақтаттырып артық абсолюттеп жіберді, оның ішінде мәдениетте музыкалық миф пен рәмізді бір жақты қарастырды. Мәдениеттің бұл аспектілерін аталған мектептер кез-келген шығарманы оқу және түсіндірудің әмбебап әдістеріне айналдырды. Бірақ бұндай әдіс жалпы музыканы қарастыруда, оның Фарабидің музыкалық ілімін алсақ та өте абстрактілі, алайда оның ілімінің мәнін дұрыс түсіндіре алмайды.

Біздің ойымызша, Фарабидің музыкалық іліміне талдау жасау эффективті болу үшін жалпы ежелгі түркі халықтары мен арабтардың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде музыка және ұлы ғалымның музыкалық ілімінің тарихын түсінуден туындаған тарихи–мәдени тәсілді қолданғанымыз дұрыс. Музыкалық шығарма мен музыкалық ілім белгілі бір ұлттық музыкалық мәдениет контекстінде қалыптасады, ол нақты бір музыкалық дәстүр негізінде туындап, белгілі бір музыкалық байланыстар шеңберінде көрініс табады. Әртүрлі ұлттық музыкалық мәдениетте музыкалық құбылыстың ұқсас типологиясы жиі кездеседі, яғни ұлтаралық музыкалық байланыс күші, халықтар тағдырының тарихи ұқсастығы, өмір сүру деңгейінің және тарихи даму кезеңінің сәйкес келу нәтижесінде пайда болады.

Музыкалық әрекеттестіктің екі түрі бар: ұлтаралық және ішкі ұлттық.

Ұлтаралық әрекеттестік өз алдына ішкі аймақтық (мысалы, араб тілдес халықтардың арасындағы мәдениет байланысы), аймақ аралық (мысалы, араб тілді аймақтар мен ежелгі түркі тұлдес аймақтар арасындағы байланыс), халықтардың музыкалық мәдени деңгейіне байланысты (мысалы, еуропалық музыкалық мәдениеттің латын америкалыққа әсер етуі) және жаһандық ұлтаралық деңгей.

Ұлтаралық музыкалық әрекеттестіктің негізі – адамзаттың әлеуметтік–тарихи дамуының бірлігі. Қоғамдық–экономикалық үрдістің жалпы заңдылығы әртүрлі халықтардың музыкалық–эстетикалық қабылдауындағы және ұлтаралық музыкалық қабылдаудың өмірлік іргетасының жалпы сипатын түсіндіре алады.

Жалпы алғанда тарихи–мәдени тәсіл Фарабидің музыкалық ілімін талдаудың бір бөлігі және маңызды және өзге музыкалық ілімнің интерпретациялық (салыстырмалы, компаративистикалық, мифологиялық және т.б.) тәсілдерінде ашылмайтын жақтарын қарастырады.

Музыкалық шығармашылық әрдайым ерекше және өзінді қайталанбас (оригиналды) дүние. Музыкалық шығармашылықтың бұл ерекшелігін өмір жолын зерттеу тәсілге сүйене отырып ашуға болады. Өмір жолын зерттеу тәсілі дегеніміз – ойшылдың жеке тұлғасы арқылы музыкалық шығарманы оқу әдісі. Біздің жағдайда Фарабидің жеке тағдыры оның шығармасының интерпретациялаудың негізгі кілті болап табылады. Бұл жерде Фарабидің қоғамдық ортасы мен оның шығармашылығының табиғи ішкі байланысын анықтау маңыздылығын атап өту қрек. Сонымен бірге, Фарабидің даралық

сипаттамасына ерекше көңіл бөлу музыка туралы идеясы бойынша анықталады, әрбір музыкалық аккордта дыбыспен байланысты өзінің заңдылығы бар (В.Бросман). Мысалы, Фарабидің өмірлік жолының оның шығармашылығында көрініс табады. Сонымен қатар, Фарабидің музыкалық ілімінде оның қайталанбас тұлғасы терең әрі айқын көрінеді. Алайда биографиялық тәсілін абсоюттендіру оның музыкалық ілімін талдауда біржақты етті. Сондықтан ол басқалармен, жоғарыда айтылған әдістермен сәйкес келгенде ғана нақты және тиімді бола алады. Сонымен қатар мұқият зерттеулер кезінде психологиялық биография секілді әдіс пайда болды, алайда бұл зерттеу болашақ міндетіне қалмақ. Фарабидің музыкалық іліміне өмір жолын зерттеу (биографиялық) әдісті қолдану нәтижесінде қиын және көпжылдық ізденістер: жете түсіндірілген, түсініксіз, жете түсіндірілмеген, интуитивті ойлар қалыптасты. Тіпті ең аяқталған шығарма ұлы ілімнің өзінде түсініксіз қарама-қайшылықты жерлері қалып қояды. Мәтіндік талдау комментарийлерді ереже бойынша қалпына келтіреді, бірақ ойшылдың өз уақытында қатысқан шығармашылық туу жағдайы өмірге қайта келмейді. Жаңа тарихи жағдайда Фарабидің музыкалық ілімінің мазмұнына жаңа сият берілген және оның моральді-эстетикалық көзқарасының жаңа ұрпаққа әсер етуі. Фарабидің музыкалық ілімінің заманауи көрінісі өмірде өзекті болып табылатын гуманистік, әлеуметтік-эстетикалық мәнімен байланысты. Фараби өзінің әлеуметтік ортасына, замандастарына, адамзатқа, болашақ ұрпақтарға арнайды. Ол өз заманындағы шекарадан өтіп, өз уақыттағы тәжірибе мен білімін болашаққа енгізуге тырысты және өз заманындағы музыкалық мәдениетті адамзаттың мәңгілік құндылықтық өлшемімен беруге тырысты. Бұл мәңгілік болатын этикалық бағдар (ориентир) (жақсы мен жаман) және жалпыадамзаттық эстетикалық құндылық (көркемдік – ұсқынсыздық). Фарабидің музыкалық ілімінің бағалы қиындысы жаңа заманауи кезеңге араласып кетті, оның барлық аксиологиялық құрылымы ауысқандықтан, оның заманауи кезеңіне талдау жасау басқа жолдармен жүргізілуі керек. Бұл ілім ол басқа уақытта, басқа ішкі байланыста, басқа заманауи музыкалық мәдениетпен қарым-қатынаста өмір сүріп жатыр. Нәтижесінде, оның ілімі өзіндік эстетикалық мағынасында өзгеше болып шығады. Ұлы ілімнің тарихи даму барысында өзінің көркемдік құндылығы мен концептуалды мағынасы жоғарлай түсуде. Алайда, музыкалық ілімді шектен тыс көтеру секілді жағдай интерпретатор қалап отырған ілімдегі субъективтік «ұғынып оқу» (вчитывание) болып табылмайды.

Қазақтың қазіргі кездегі белгілі философы А.Х. Қасымжанов әл-Фарабидің шығармашылық қолтаңбасының айқын көрінісі методологизм болып табылатынын, барлық жалпы философиялық мәселелерді ғұлама әдіснамалық деңгейге, ақиқатқа жетудің әдістері мен формаларын анықтауға дейін жеткізетінін айтып кеткен. Әрине, әл-Фарабидің музыка ілімі көркемдік жүйе болып интерпретацияланады. Кез келген ғылыми жүйені оның ішінде музыка саласын түсіндіру барлық заманауи зерттеушілердің міндеті. Зерттеуші ғылыми ойдың аксиологиялық жағымен қатар, музыкалық ілім мен жалпы музыканы міндетті түрде рәміздік жүйесімен қарастырып,

музыканы рәміз ретінде көрсету жағдайына шығу керек. Зерттеушіге бұл белгілік жүйе оның ойын ашатын кілт екенін түсіну қажет. Ол белгілік жүйелері қайдан шықты? Олар музыкалық мәдениеттен, табиғи және конвенциалық тілдік белгілер мен оларды қолдану мен түсіну дағдысынан құрылған. Әл-Фарабидің жасаған музыкалық белгілері оның құндылығы мен мағынасының жүйесін білдіріп отыр, яғни жалпы адамзатқа белгілі бір маңызды эстетикалық концепцияны беріп отыр.

1. Пушкин А.С. Полн. Собр. Сочинения: В 7 т. – М.: Худ. Лит-ра, 1988. – Т. 7.
2. Касымжанов А.Х. Проблема красоты в творчестве аль-Фараби // Вестник КазГУ. Серия востоковедения. – 1999. – №9. – С. 197-201.
3. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии / Пер с арабского. – А.: Ғылым, 1993. – 456 с.